

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
Филология факультеті
Абай ҒЗИ

«Абай ілімі»
код UA ID 99535 пәні бойынша
ҚОРЫТЫНДЫ БАҚЫЛАУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Білім беру бағдарламасы: 6B02303-Шетел филологиясы (батыс тілдері, 6B02209-Түркітану, 6B01701-Қазақ тілі мен әдебиеті, 6B02304-Аударма ісі (батыс тілдері), 6B02305-Қазақ филологиясы, 6B02306-Әдебиеттану, «6B02313-Қолданбалы қазақ тіл білімі, 6B02105-Цифрлық медиадағы драматургия, 6B02104-Кино&Медиа, 6B01704-Шетел тілі: екі шетел тілі

Оқыту деңгейі: бакалавриат

Курс – 1

Семестр – 1

Кредит саны – 5

1. ПӘННІҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫ

Пәннің мақсаты - болашақ мамандардың кәсіби білімін, түсінігін, қабілетін Абай іліміне сай елдің ынтымағы мен бірлігін нығайту, қоғамның интеллектуалдық әлеуетін (потенциалын) арттыру мақсатында қолдану құзіреттілігін қалыптастыру.

Пәнді оқытудан күтілетін нәтижелер:

1. Даму үстіндегі білімі мен түсінігін идеяларды зерттеу контекстінде саралау мен қолдануда, саланың озық білімдеріне негізделген бағытта көрсетеді.
2. Өзінің білімін, түсінігін, қабілетін өзекті мәселелерді жаңа ортада, кең ауқымды пәнаралық контексте шешу үшін жоғары кәсіби деңгейде қолданады.
3. Пікірлерін әлеуметтік, этикалық және ғылыми ұстанымдарын ескере отырып тұжырымдау үшін қажетті ақпараттарды жинап, саралай біледі.
4. Мәселелер мен шешімдерін, идеялары мен тұжырымдарын, ақпараттарды мамандарға да, маман еместерге де нақты және анық жеткізеді.
5. Зерттеу саласы бойынша білімін ары қарай өздігінше жалғастыру үшін қажетті оқу дағдысы қалыптасқан.

Пән бойынша оқытылатын негізгі тақырыптар.

1 МОДУЛЬ. Абай ілімі пәні және өзектілігі

1. «Абай ілімі» пәні: мақсаты, міндеттері, пәнді оқудан күтілетін нәтижелер
2. Ілім, Абай ілімі туралы түсінік. Абай ілімінің маңызы мен мәні. Абай ілімінің концептуалдық моделі
3. Абай іліміндегі адам мен заман сипаты. Тұлға мен оның дәуірі, ортасы. Абайдың Кісілік кодексі
4. Абайдың білім, ғылым туралы жалпы қағидаларының негізінде пайымдалған білім концепциясының жалпы сипаттамасы. Таксономия ұғымы. Абай таксономиясы ұғымы және оның сатылары: Т А Л А П → Қ А Б Ы Л Д А У → Б І Л У → Т Ү С І Н У → Е С Т Е С А Қ Т А У → Қ О Л Д А Н У
5. Абай ілімінің бастау-көздері жайлы жалпы түсінік: мезгілдік-мекендік шегі

2 МОДУЛЬ. Абай ілімі және оның бастау көздері

1. Абай ілімі және қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымы мен мәдениеті. Абай және шешендік өнер.
2. Абай ілімі және Шығыс халықтарының дәстүрлі дүниетанымы мен мәдениеті
3. Абай ілімі және Батыс халықтарының дәстүрлі дүниетанымы мен мәдениеті
4. Абай ілімінің құрамдас бөлімдері
5. Абай іліміндегі ақылдың маңызы мен мәні

3 МОДУЛЬ. Абай ілімі және оның құрамдас бөліктері

1. Абай іліміндегі қайраттың маңызы мен мәні
2. Абай іліміндегі жүректің орны
3. Абай іліміндегі адам асық болатын бес асыл іс
4. Абай іліміндегі адам қашық болатын бес жаман іс
5. Абай іліміндегі әрбір жақсы нәрсенің өлшеу құралы

Ұсынылатын дереккөздердің тізімі.

Негізгі әдебиеттер:

1. Абайтану. Таңдамалы еңбектер. 1-50-томдар / Жалпы редакциясын басқарған Ж.Дәдебаев. – Алматы: Қазақ университеті, 2015-2021.
2. Абайтану антологиясы. Он томдық. I-X томдар / Бас редакторы Ж. Түймебаев. Жалпы редакциясын басқарған Ж. Дәдебаев. – Алматы: Қазақ университеті, 2021.
3. Абай ілімін білудің, түсінудің және қолданудың ғылыми негіздері мен теориялық тетіктері: мақалалар жинағы. Екінші кітап. – Алматы: Абай институты, 2022.
4. Абайтану. Таңдамалы еңбектер. Пәнаралық зерттеу. VIII-том. Жалпы редакциясын басқарған Ж. Дәдебаев. – Алматы: Қазақ университеті, 2019.
5. Абайтану. Лекциялар (оқу құралы) / Жалпы редакциясын басқарған Ж. Дәдебаев. – Алматы, 2021.
6. Абай (Ибраһим) Құнанбаев. Таңдамалы шығармалар. Екі томдық. Бірінші том. Өлеңдер. Поэмалар. – Алматы, 2021.
7. Абай (Ибраһим) Құнанбаев. Оқу кітабы. «Тілдер және әдебиет» даярлау бағыты бойынша жоғары білім беру ұйымдарына пайдалануға арналған. – Алматы: Қазақ университеті, 2021.
8. Дәдебаев Ж. Абайдың антропологиясы. – Алматы: Қазақ университеті, 2014. – 238 б.
9. Құнанбаев А. Таңдамалы шығармалары. Екі томдық. I, II томдар / Жалпы ред. басқ. Ж. Дәдебаев. – Алматы: Қазақ университеті, 2021.

2. ҚОРЫТЫНДЫ БАҚЫЛАУ ТАПСЫРМАСЫН ОРЫНДАУ БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК НҮСҚАУЛАР: СТАНДАРТТЫ/ЖАЗБАША/OFFLINE

2.1. Емтихан формасы: Стандартты жазбаша offline. **Платформасы:** Univer АЖ

2.2. Жазбаша емтиханның мақсаты: пәнді оқу кезінде меңгерілген оқу нәтижелерін, дағдылар мен құзыреттіліктерді көрсету, өз ойларын жазбаша түрде қисынды түрде жеткізе білу, өз көзқарасын дәлелмен жеткізу.

2.3. Тапсырманы орындаудан күтілетін нәтижелер:

Жазбаша емтиханның бір билетінде оқытылған курс бойынша оқу нәтижелерін анықтайтын және төменде сипатталған критерийлер бойынша бағаланатын 3 сұрақ бар:

1-сұрақ: *1 критерий.* Теорияны және курс тұжырымдамасын білу. *2 критерий.* Курстың мазмұнында көрсетілген теориялық ережелерді мысалдармен түсіну және растау.

2-сұрақ: *3 критерий.* Таңдалған әдістеме мен технологияны жазбаша практикалық тапсырмаларға қолдану. *4 критерий.* Практикалық тапсырмада берілген негізгі мәселені ашу және шешу.

3-сұрақ: *5 критерий.* Таңдалған әдістеменің ұсынылған практикалық тапсырмаға қолданылуын бағалау және жазбаша сыни талдау. *6 критерий.* Өз тәжірибесінен алынған нәтиженің негіздемесі.

2.4. Емтихан өткізу рәсімі.

2.4.1. Стандартты жазбаша offline емтихан бекітілген кестеге сәйкес өткізіледі.

2.4.2. Жазбаша offline емтихан басталғанға дейін 15 минут бұрын кезекші оқытушы жеке куәлік бойынша білім алушылардың жеке басын тексеруді жүзеге асырады, білім алушыларды келу парақтарында көрсетілген орындарға отырғызады.

2.4.3. Бөгде адамның жазбаша offline емтиханына келген жағдайда кезекші оқытушы осы Ережелерді бұзу туралы тиісті акт жасайды.

2.4.4. Кешігіп келген білім алушылар емтиханға жіберілмейді.

2.4.5. Емтихан кезінде кезекші оқытушы білім алушылардың бекітілген нұсқаулыққа сәйкес мінез-құлық ережелерін сақтауын бақылауды жүзеге асырады.

2.4.6. Емтиханға бөлінген уақыт аяқталғаннан кейін (2 астрономиялық сағат) кезекші оқытушы:

1) емтихан жұмыстарын жинайды;

2) әр жұмыста жауап парақтарында жұмыстарды жазудың аяқталу белгісін қояды-Х әрпі;

3) деканат маманына шифрлауға келу парақтарымен бірге жауап парақтарын ұсынады.

2.4.7. Деканат маманына шифрлау үшін жұмыстарды ұсыну кідірітілген жағдайда кінәлі адамдарды жауапқа тарта отырып, тиісті акт жасалады.

2.4.8. Емтиханда білім алушыларға өзімен бірге қосалқы акпаратқа рұқсатсыз қол жеткізу үшін пайдаланылуы мүмкін шпаргалкаларды, ұялы телефондарды, смарт-сағаттарды және басқа да техникалық және өзге де құралдарды алып жүруге және/немесе пайдалануға тыйым салынады. Басқа білім алушылармен және бөгде адамдармен сөйлесуге, жауаптарда ТАӘ және/немесе өзге де сәйкестендіру жазбаларын жазуға тыйым салынады.

2.4.9. Егер білім алушы емтиханға келіп, билет бойынша жауап беруден бас тартса, емтихан тапсыру "F" бағасы ретінде бағаланады.

2.4.10. Дәлелді себеп болмаған жағдайда емтиханға келмеу "F" бағасы ретінде бағаланады.

2.4.11. Білім алушы осы тармақтардың біреуін немесе бірнешеуін бұзған жағдайда емтихан жұмысының күшін жою актісі (бұдан әрі – Акт) толтырылады, пән үшін "F" ("қанағаттанарлықсыз") бағасы қойылады.

2.4.12. Емтиханда осы Ережелерді қайталап бұзғаны үшін білім алушы факультет кеңесінің Әдеп жөніндегі қарауына ұсынылады.

2.4.13. Пән бойынша қорытынды баға емтихан өткізілгеннен кейін 1 ай ішінде, білім алушылар қашықтықтан білім беру технологияларын және/немесе емтихандағы мінез-құлық ережелерін қолдана отырып қорытынды бақылау жүргізуге арналған нұсқаулықтарды бұзғаны анықталған жағдайда: шпаргалкаларды, ұялы телефондарды пайдалану, келіссөздер жүргізу және т.б. актіні толтыра отырып, бақылау бейнекамераларынан алынған жазбалар негізінде жойылуы мүмкін. Актінің күші жою үшін шағымдану және апелляция қабылданбайды.

2.4.14. Емтихандардағы барлық ереже бұзушылықтар білім алушының транскриптіне енгізіледі.

3. БАҒАЛАУ САЯСАТЫ

ҚОРЫТЫНДЫ БАҚЫЛАУДЫ КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУ АЙДАРЫ

Пән: Абай ілімі **Формасы:** Стандартты жазбаша offline. **Платформасы:** Univer АЖ

№	Балл Критерий	ДЕСКРИПТОРЛАР				
		«Өте жақсы»	«Жақсы»	«Қанағаттанарлық»	«Қанағаттанарлықсыз»	
		90-100 %	70-89 %	50-69 %	25-49 %	0-24 %
1 сұрақ	1 критерий. Теорияны және курс тұжырымдамасын білу	Пәннің негізгі мақсатын, мазмұнын, пәнге байланысты ұғымдар мен түсініктерді өте жақсы түсінеді. Абай шығармаларының мазмұнындағы басты мәселе-адам екендігін біледі. Бүгінгі қоғамдағы өзекті мәселелермен байланыстыра, салыстыра отырып, талдау жасай алады. Баяндаулары нақты, ғылыми негізді.	Пәннің негізгі мақсатын, мазмұнын, пәнге байланысты ұғымдар мен түсініктерді жақсы түсінеді. Абай шығармаларының мазмұнындағы басты мәселе-адам екендігін біледі. Баяндаулары нақты, ғылыми негізді.	«Абай ілімі» пәнінің қарастыратын мәселелері, негізгі тақырыптары бойынша қойылған сұрақтарға жауаптары дұрыс емес. Баяндаулары мен тұжырымдарында стильдік, тілдік қателіктер көп ұшырасады.	Пәннің негізгі мазмұнына, ұғымдары мен тақырыптарына қатысты айтарлықтай қателіктер жіберілді.	«Абай ілімі» пәні, пәннің негізгі тақырыптарына қатысты айтарлықтай қателіктер жіберілді.
	2 критерий. Курстың мазмұнында көрсетілген теориялық ережелерді мысалдармен түсіну және растау.	Пәннің негізгі тақырыптары бойынша қойылған сұрақтарға жауаптарын дәйекті мысалдармен негіздей алды. Ұсынылған тапсырмаларды сауатты, ғылыми негізді, дереккөздерді дұрыс пайдалана отырып, көрнекі түрде орындаған.	Жауаптарында нақты мысалдар аз кездеседі. Кейбір ғылыми тұжырымдауларында дәлдік жетіспейді.	Дәріс конспектілері болмағандықтан, жауаптарында Абай ілімі пәнінің негізгі тақырыптарын ашып бере алмады. Абай шығармаларынан мысалдар келтірілген жоқ.	Абай ілімінің негіздері, құрамдас бөліктері, Абай ілімінің қайнар көздері секілді негізгі ұғым-түсініктерді айтуда айтарлықтай қателіктер жіберді.	Абай ілімінің негіздері, құрамдас бөліктері, Абай ілімінің қалыптасуына ықпал еткен қайнар көздері, Абай таксономиясы т.б. негізгі теориялық ұғымдарды растай да, дәлелдей де алмайды.

2 сұрақ	<i>3 критерий.</i> Таңдалған әдістеме мен технологияны жазбаша практикалық тапсырмаларға қолдану.	Берілген тапсырмаларды өз уақытында, дәлелді дәйектермен, жан-жақты қарастыра отырып орындайды. Тақырып бойынша жазған жазбаша жұмысында ғылыми негізді өзіндік тұжырым жасай алатындығы көрінеді.	Берілген тапсырмаларды өз уақытында орындағанымен, дәлелді дәйектерді толық келтірмеген. Жазбаша жұмысында стильдік, грамматикалық қателер ұшырасады.	Жазбаша жұмысында мазмұндық жүйелілік жоқ. Нақты зерттеу тақырыбына байланысты дереккөздерді қарастырмаған.	Берілген тапсырмаларды өз уақытында орындалмады. Тапсырмаға да, тапсырманың тақырыбына немқұрайдылықпен қараған. Стильдік, грамматикалық нормаға сай келмейтін қателер жіберген.	Жазбаша емтихан жұмысын қалай орындау керектігін білмейді. Өзіндік пікір, қорытынды тұжырым жасауды меңгермеген.
	<i>4 критерий.</i> Практикалық тапсырмада берілген негізгі мәселені ашу және шешу.	Абай іліміндегі басты нәрсе-адам, адамның мінез-құлқы, түрлі қасиеттері екендігін жақсы біледі. Практикалық жұмыс жасау барысында Абайдың өлеңдерінен, поэмаларынан, қара сөздерінен мысалдар келтіре отырып, адам бойындағы қасиеттерді саралай алады. Адамның мінезі, қасиеттері ақын шығармаларында әр қырынан сипатталатынын біледі және көрсете алады.	Абайдың өлеңдерінен, поэмаларынан, қара сөздерінен мысалдар келтіре отырып, адам бойындағы қасиеттерге талдау жасауға бейімділігі бар. Дегенмен, жауаптарында жүйелілік сақталмаған.	Берілген тапсырмалар бойынша материалдарды толық қарастырмаған. Түсінбеген. Сондықтан тапсырма бойынша негізгі мәселені ашып бере алмайды.	Емтихан сұрақтарының мазмұны бойынша қосымша сұрақтарға жауап беруге қиналады.	Абай ілімі пәнінің мазмұны, тақырыптары бойынша материалдарды игермеген.
3 сұрақ	<i>5 критерий.</i> Таңдалған әдістеменің ұсынылған практикалық тапсырмаға қолданылуын бағалау және жазбаша сыни талдау.	Берілген тапсырмаларды дәйекті, қисынды, сауатты, ғылыми негіздей отырып, кері байланыс жасай алды. Абай шығармаларында кездесетін күрделі сөздерді сауатты түрде талдап, түсіндіріп бере алады. Өзіндік тұжырымдарын бекітіп, баяндауда ғылыми стиль нормаларын сақтай отырып, жүйелі жеткізе алады. Әрине баяндау барысында 1-2 қателіктер кездесіп қалды.	Берілген тапсырмалар бойынша жауаптарында пайдаланған әдебиеттер бойынша 3-4 қате жіберілді. Алайда бұл сапалы орындалған тапсырманың жалпы деңгейіне айтарлықтай әсер етпейді.	Абай ілімі пәнінің мазмұны бойынша тұжырымдары нақты емес, дәлелді емес. Стильдік, грамматикалық қателері бар. Абай шығармаларын талдауда қорытындылары дұрыс емес.	Жауаптары тапсырмаларды орындауға қойылатын талаптарға сай келмейді. Әрі жауаптары толық емес. Түсініксіз.	Берілген сұрақтарға жауап жазылмаған. Дереккөздер, талдау әдістері қолданылмаған.

		Алайда бұл нақты, тұтас тұжырымдауына аса әсер ете қоймайды.				
		;				
	6 критерий. Өз тәжірибесін ен алынған нәтиженің негіздемесі.	Абай ілімі пәні арқылы білгенін, түсінгенін қалай, қайда қолдана алатындығына нақты мысалдары жетерлік. Абай шығармаларын талдау барысында бүгінгі күннің ситуацияларымен байланыстыра отырып тұжырым жасай алады.	Абай ілімі пәнінің мазмұны бойынша білгенін, түсінгенін, есте сақтағанын, өмірлік тәжірибеде қолдануға болатындығына мысалдары аз және нақты емес.	Абай ілімі пәнінің негізгі тақырыптары бойынша білгенін, түсінгенін, есте сақтағанын өз сөзімен жазбаша толық жеткізіп бере алайды.	Абайдың өлеңдері мен қара сөздеріне байланысты жазбаша талдаулары әлсіз.	Білу, түсіну, талдау жасай алу, пікірін өз сөзімен жеткізе білу дағдылары жоқ.

Қорытынды бағалауды есептеу формуласы:

Қорытынды баға (ҚБ) = (%1+%2+%3+%4+%5+%6) / К, мұндағы % - критерий бойынша тапсырманы орындау деңгейі, К-критерийлердің жалпы саны.

Қорытынды баллды есептеу мысалы

№	Балл	«Өте жақсы»	«Жақсы»	«Қанағаттанарлық»	«Қанағаттанарлықсыз»	
		90-100 %	70-89 %	50-69 %	25-49 %	0-24 %
1.	1 критерий	100				
2.	2 критерий		75			
3.	3 критерий			60		
4.	4 критерий				45	
5.	5 критерий	100				
6.	6 критерий				49	
	Қорытынды %	200	75	60	94	200 + 75 + 60 + 94 = 429 429 / 6 критерийлер = 71,5 Қорытынды балл в % = 72

Есептеу кезінде алынған пайыздарға сүйене отырып, біз бағалауды бағалау шкаласымен салыстыра аламыз. 72 балл 70 баллдан 89 баллға дейін, бұл бағалау шкаласына сәйкес «Жақсы» санатына сай келеді. Осылайша, осы есептеуде емтихан дәстүрлі бағалау шкаласы мен ECTS-ке ауыстыра отырып, білім алушылардың оқу жетістіктерін есепке алуды бағалаудың баллдық-рейтингтік әріптік жүйесіне сәйкес «Жақсы» 72 баллға бағаланатын болады.

Абай ҒЗИ директоры,
ф.ғ.д., профессор

Лектор, ф.ғ.к., доцент



Дәдебаев Ж.

Мұсалы Л.